

"Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № А-2/66 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 31 наурызда № 4715 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № А-6/219 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.05.2016 № А-6/219 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже (бұдан әрі–Ереже) бекітілсін.

2. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді камтамасыз етсін.

3. Осы облыс әкімдігінің қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

C.Кулагин

Ақмола облысы әкімдігінің
2015 жылғы 19 ақпандағы
№ А-2/66 қаулысымен
бекітілді

"Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Зандарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
3. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, қазынашылық органдарында шоттары болады.
4. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
5. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамага сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
6. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшының бұйрықтарымен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.
7. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамага сәйкес бекітіледі.
8. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89.
9. Мемлекеттік органның толық атауы: "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі.
10. Осы Ереже "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.
11. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
12. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік

мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары және міндеттемелері

13. Миссиясы: агрономикалық кешенде дамыту, астық нарығы, тұқым шаруашылығы, өсімдіктерді қорғау, өсімдіктер карантині, асыл тұқымды мал шаруашылығы салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

14. Міндеттері:

ауыл шаруашылық өнімі өндірісінің тұрақты өсуі негізінде облыстың азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

табиғи-климаттық жағдайды және нарық конъюнктурасын ескерумен ауыл шаруашылық өндірісін әртараптандыру және техникалық жабдықтауды жоғарылату;

мал шаруашылығының өнімділігін және өнімінің сапасын арттыру;

ауыл шаруашылық өнімін өткізу нарығының мониторингін жүргізу мен қайта өндеу өндірісін тұрақты дамыту және қолдау, ауыл шаруашылық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату.

15. Функциялары:

1) агрономикалық кешен субъектілерін "Агрономикалық кешенде және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) агрономикалық кешенде дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;

3) өндірілген өнім түрлері бойынша өңірлік көрмелер, жәрменқелер ұйымдастыру;

4) "Агрономикалық кешеніндегі үздік кәсіп иесі" конкурсын өткізу;

5) азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің және агрономикалық кешен өнімдері нарықтарының мониторингін жүргізу;

6) агрономикалық кешен саласында инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

7) агрономикалық кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы қаулының жобасын әзірлеу;

8) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындастын мемлекеттік пункттерді, сою аландарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою аландарын), пестицидтерді,

улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, күтіп-ұстауды және реконструкциялауды қамтамасыз ету;

9) жоғары сыйыпты асыл тұқымды малды сатып алуды, ұстауды және кең ауқымда өз төлі есебінен өсіру үшін мал басын молықтыратын төл өсіруді ұйымдастыру;

10) отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге өткізілген бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдардың құнын арзандатуды қамтамасыз ету;

11) Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалған тізбе мен тәртіпке сәйкес зиянды организмдерге қарсы құрес жөнінде іс-шаралар жүргізу ді қамтамасыз ету;

12) агроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің несиelerін сақтандыру кезінде несиelerді және сақтандыру сыйақыларының бөлігін кепілдендіру барысында комиссия бөлігін өтеу;

13) инвестициялық салынымдар кезінде жұмсалған агроОнеркәсіптік кешен субъектісі шығыстарының бөлігін өтеу;

14) қайта өңдеу кәсіпорындарының ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау;

15) мыналар:

агроӨнеркәсіптік кешен салаларына инвестициялар мен екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту;

бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай жасау;

мамандандырылған мал шаруашылығы қожалықтарының өсуі үшін жағдай жасау бойынша іс-шаралар әзірлеу;

16) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, агроОнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі басым жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін жасау;

17) агроОнеркәсіптік кешенниң ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдай жасау;

18) ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы ахуалды зерделеу және агроОнеркәсіптік кешен субъектілерінің тиісті ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;

19) агроОнеркәсіптік кешенниң жай-күйі мен дамуы туралы ақпаратты агроОнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі үәкілдемі мемлекеттік органдарға беру;

20) агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар қызметінің мониторингін жүзеге асыру;

21) агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға

аккредиттеу жүргізу;

22) агрономеркесіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау;

23) агрономеркесіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде өзінің интернет-ресурсына агрономеркесіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар тізбесін орналастыру;

24) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

25) табиғи-климаттық жағдайларды және нарық конъюнктурасын ескере отырып, астық өндірісі құрылымын оңтайландыру, астық өндірудің, сақтаудың және өткізудің жаңа озық технологияларын жетілдіру және енгізу;

26) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштардың, тұқым улағыштар мен гербицидтердің құнын арзандатуды жүзеге асыру;

27) ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттіліктерін уақытылы қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

28) облыста техникалық реттеу саласында сәйкестікті растау бойынша қызметтер көрсету жөнінде бәсекелестік органды құру бойынша шаралар қабылдау;

29) астық қабылдау кәсіпорындарын:

бекітілген кестелерге сәйкес астықты қабылдау кәсіпорындарын жаңа өнімнің астығын қабылдауға дайындығын жыл сайын тексеру;

астық қабылдау кәсіпорындарының тексеру актілерін рәсімдеуді қамтитын бақылау;

30) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында қарастырылған тәртіппен астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұластай немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру;

31) Астық қабылдау кәсіпорындарының: Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астықты сақтау; астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу қағидаларын сақтауын бақылау;

32) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарau;

33) облыс шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге асыру;

34) астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау;

35) "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабындағы 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп жөнелтуге тыйым салу;

36) астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және астықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру);

37) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы сотқа арыз беру;

38) астық нарығына қатысушылардың астығының нақты бар-жоғы мен сапасын және оның есепті деректерге сәйкестігін тексеру;

39) астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау;

40) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарлама жіберу;

41) астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру және (немесе) одан айыру туралы ұсынысты облыстың жергілікті атқарушы органына енгізу;

42) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

43) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

44) уәкілетті органның қарауына элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының элиталық тұқымдарды өндіру мен өткізу көлемі жөнінде ұсыныстар енгізу;

45) тұқым шаруашылығы субъектілеріне және тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханаларға уәкілетті орган айқындастын тәртіппен тиісті қуәлік бере отырып, оларды аттестаттауды жүргізу;

46) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

47) облыс бойынша тұқымдар баланстарын жасау;

48) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпарат беруді қамтамасыз ету;

49) құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің сақтық және ауыспалы тұқым қорларын қалыптастыруына жәрдемдесу;

50) бастапқы, элиталық тұқым шаруашылығын жүргізу және ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын жаппай көбейту схемалары мен әдістері бойынша ұсыныстар енгізу;

51) сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сұрыптық егістіктерді байқаудан өткізуді, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтарды, тұқым сапасына сараптама жүргізу тәртібінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

52) "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабындағы 12) тармақшасына сәйкес айқындалатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізу дін шекті бағасын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

53) субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды анықтау жөнінде ұсыныстар енгізу:

тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған әрбір субъект үшін – бірегей тұқымдар бойынша;

әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін – элиталық тұқымдар бойынша;

54) субсидияланған бірегей және элиталық тұқымдардың мақсатты пайдаланылуын бақылау;

55) байқаудан өткізушилер мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

56) ауыл шаруашылығы есімдіктері тұқымдарының сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

57) тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектордың ұсынысы негізінде тоқтата тұру:

субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінің қолданысын;

тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті;

58) қоршаған органды қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

59) арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салу, тиісті жағдайда күтіп-ұстау және қолдау;

60) мыналар:

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);

пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау;

61) карантинді объектілердің таралуының есебін жүргізеді және уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпарат беру;

62) есімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

объектілерінде осы объектілердің иелері – жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуін ұйымдастыру;

63) уәкілетті органның ұсынуы бойынша тиісті аумақтарда карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу немесе оның күшін жою туралы ұсыныс енгізу;

64) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығы саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

65) агенттің, қоғамның қызметін, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

66) сақтанушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан жалтаруы туралы және қоғамның Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасының және "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтамауы туралы істерді қарau;

67) сақтанушыдан, сақтандырушыдан, агенттен және қоғамнан өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттар пен құжаттарды сұрау және алу;

68) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның ұсыну нысаны мен мерзімдерін белгілеу туралы шешімдердің жобаларын дайындау;

69) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу және басып шығару;

70) ірі қара мал тұқымдары жөніндегі респубикалық палаталардың және мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескере отырып, көрсетілген мақсаттарға көзделген бюджет қаражаты шегінде асыл тұқымдық өнімге (материалға) арналған субсидияларды бөлу;

71) бекітілген нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректердің есебін жүргізу;

72) құндылығы жоғары асыл тұқымды малды тиімді пайдалануды ынталандыру мақсатында бағалау туралы деректерді қорытады және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар ету;

73) аஸыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асыру;

74) облыс аумағында бал ара шаруашылығының дамуын және қорғалуын бақылау;

75) Қазақстан Республикасының аஸыл тұқымды мал шаруашылығы туралы

заңнамасына сәйкес селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты үйлестіруді және бал ара шаруашылығындағы асыл тұқымдық істерді мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру;

76) мемлекеттік қызметтерді көрсету;

77) ауыл шаруашылығы кооперативтерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қолдау бойынша ұсыныстарды әзірлеу және іс-шараларды жүзеге асыру;

78) ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру және қызметін атқару тәжірибесін енгізу және тарату бойынша іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

79) ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамыту үшін қаржылық ұйымдардың инвестициялары мен кредиттерін тарту, сондай-ақ бәсекеге қабілетті өндірісті қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау, оларды жаңарту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне ауысуы бойынша іс-шараларды әзірлеу;

80) ауыл шаруашылығы кооперациясының ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуіне және дамуына жағдай жасау.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 29.01.2016 № А-2/42 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) каулысымен

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету, даму үстіндегі нарықтық қатынастар жағдайында аграрлық сектордың экспорттық мүмкіндіктерін арттыру, өнірдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауылшаруашылық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату бойынша мемлекеттік аграрлық саясатты жүзеге асыру жөнінде шара қолдану;

2) өз құзіреті шегінде олардың меншік түріне тәуелсіз "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің іс-эрекеті саласына жататын ұйымдардан, мекемелер мен кәсіпорындардан ақпарат сұрату және алу;

3) өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асыру.

3. Мемлекеттік мекеменің қызметін ұйымдастыру

17. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ақмола облысы әкімінің өкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

Басшы өз орынбасарларының уәкілеттілігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

20. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметшілерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

"Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің штат кестесі мен қызметшілерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

өз құзіреті шектеуінде сыйайлас жемқорлықта қарсы әрекет бойынша міндеттемелерді орындауға дербес жауапкершілік жүктейді;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік және басқа да ұйымдарда "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өкілі болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіліктерді іске асырады.

"Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындейды.

4. Мемлекеттік мекеменің мүлкі

21. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік

мекемесіне бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК